

МККК " №7 "Таншолпан" бөбекжай-бақшасы"

Кіші топтың 2024-2025 жылына арналған
перспективалық тақырыпты жоспары

МККК " №7 "Таншолпан"
бөбекжай-бақшасы
менгерушіс у.м.а.
Минеева А.Ж
31 тамыз 2024 жыл



Түсінік хат

2024–2025 оқу жылында МҚКҚ «№ 7 Таңшолпан»бөбекжай-бақшасы «Балалар» кіші тобы балаларының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың перспективалық жоспарын құрастыруда төмендегі нормативті-құқықтық құжаттарды басшылыққа алды:

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандарты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 1,2,3 - қосымшасы;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (2022 жыл 14 қазан №422 бұйрық өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды топтарында тәрбиелеу - білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хаты («Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми – әдістемелік кеңесінің шешімімен ұсынылды 2022 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама), Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын менгеру мерзімі бір жас тобында – 1 жыл. Күтілетін нәтижелері перспективалық жоспарда әр айда көрсетілген.

1. Физикалық қасиеттерді даму - дене шынықтыру аптасына үш рет
2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту - сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет күн сайын.
3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту - сенсорика күн сайын.
4. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту – сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын, музыка аптасына бір рет.
5. Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру -- қоршаған ортамен таныстыру күн сайын.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Күтілетін нәтижелер
Қыркүйек	Дене шынықтыру	Жүру. Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен, қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап, бір-бірінің қолдарынан ұстап, аяқтың ұшымен жүру, шатын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап, иректелген лентаның бойымен жүру.	Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шенбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шатын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді.
	Сөйлеуді дамыту	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, елптеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету.	Ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді.
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу.	Шатын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындату.	Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту.	Қаламды дұрыс ұстайды.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның кесістері туралы білімдерін қалыптастыру.	Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.	Қатазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру.	Құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады.
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу.	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдайды.

	Коршаған ортамен таныстыру	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнададан және фотосуреттерден тану. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау.	Есімін атағанда жауап береді, өзін айнададан және фотосуреттерден таниды; ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды.
Казан	Дене шынықтыру	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тура жолмен, сызықтармен шектелген (ені 20-25 сантиметр, ұзындығы 2-2,5 метр) жігітін бойымен, гимнастикалық скамейканың үстімен жүру, заттарға шығу (гимнастикалық скамейкаға, жұмсақ модульге); тұру, қолдарын жоғары көтеру, түсу; заттардан (биіктігі 10-15 сантиметр) аттап жүру.	Белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аударатын отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады.
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.	Кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді.
	Сенсорика	Қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.	Қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерткен.
	Сурет салу	Көркемдік қабылдауларын дамыту.	Тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізеді.
	Мүсіндеу	Сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру.	Сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие.
	Жансыру	Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру.	Бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз

		бетіне қояды.
Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастыру.	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады.
Музыка	Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Бауу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (бауу және көңілді әндер) ажырата білу.	Музыкалық шығармалардың сипатын ажыратады (бауу және көңілді әндер).
Қоршаған ортамен таныстыру	Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.	Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.
Қараша		
Дене шынықтыру	Құрсаудан құрсауға аттап өту; тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан бірнеше кедергілерден (ленталардан, текшелерден және тағы басқа) аттап жүру, орнында бауу айналу.	Допты нысанға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады.
Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгеніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен таныстыру.	Ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгеніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды.
Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.	Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнайды.
Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі,	Ересектердің нұсқауымен түсі,

	пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі зеттарды топтастыру.	өлшемі бойынша зеттарды табыды.
Сурет салу	Бейнелерді парак бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу.	Түстерді ажыратады және оларды дұрыс етайды.
Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру) үйрету.	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін менгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді)
Жансыру	Қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу), жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету.	Бейнелерді фланселептаға (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне құрастырады.
Құрастыру	Өз бетінше құрастыру.	Құрылым материалдарын (текшелер, кірпіштер) ажырата алады.
Музыка	Әннің матынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орынданған танымал әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу.	Қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажыратады.
Қоршаған ортамен таныстыру	Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Сыртқы белгілері бойынша көтеністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату.	Дәмі, сыртқы белгілері бойынша көтеністер мен жемістерді ажыратады және атайды.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады

		Неге әжелді? Қашан әжелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.	
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру.	Артикуляциялық жаттығуларды орындайды.
	Сенсорика	Түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру.	түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады
	Сурет салу	Дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу.	Өзінің салған суретіне қуанады, онда не бейнеленгенін айтады.
	Мүсіндеу	Сазбалшықты өздігінен илеуді үйрету.	Сазбалшықты өздігінен илей алады.
	Жансыру	Материалдарды қолданудың қарапайым әдістерін үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды орналастырады.
	Құрастыру	Кеністік қатынастарды түсіну.	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды.
	Музыка	Музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әнімелерге қызықтыру.	Педагогтің дауысына, сөздердің созылыңсыздығына еліктей отырып, жекелеген сөздер мен буындарды қосып айтады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу) белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу.	Тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады.
Қантар	Дене шынықтыру	Шатын топқа бөлініп және бүкіл топпен жүтіру; бағытты өзгертіп, шашырап, 30-40 секунд бойына тоқтамай жүтіру, жүруден жүтіруге және керісінше ауысу.	Ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады.
	Сөйлеуді дамыту	Ментерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға	Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю),

		ықтап ету. Еңбек ерекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мандес ерекеттерді (ашу - жабу, ки-о-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байлту.	қарама-қарсы мандес ерекеттерді (ашу-жабу, кино-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі.
	Көркем әдебиет	Таным өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.	көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты тандауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әрлекті заттарды салыстыру.	Қарапайым көру-қимыл үйлесімділігін меңгерген.
	Сурет салу	Дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу.	Қағаз бетін бағдарлайды.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру.	Мүсіндейтін заттарды зерттейді.
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға үйрету.	Фланелеграфта қарапайым композицияларды құрастырады.
	Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру.	Ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнайды.
	Музыка	Кейіпкерді иллюстрациялар, әнтімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау.	Әндегі сөз тіркестерін айтады (ересектермен бірге).
	Қоршаған ортамен таныстыру	Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу, қарды домалату, тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау.	Басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады.
Ақпан	Дене шынықтыру	Еңбектеу, ермелеу. Шеңкелеуді жазықтың, көлбеу тақтайдың бойымен, доғаның, гимнастикалық скамейканың астынан, әртүрлі заттардың: арқанның астынан нысанатай дейін төрттатандап (алаканымен, тіземен тіреп) еңбектеу. Биіктігі	Заттардың бойымен, астымен еңбектейді.

	10 сантиметр, ауданы 50 x 50 сантиметр модульге ормелеу.	
Сөйлеуді дамыту	Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескертіп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.	Сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады.
Көркем әдебиет	Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау.	Оқылған шығармадағы жеке-кейін сөздерді қосылып қайталап айтады, таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды.
Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.	көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады
Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту.	Қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады.
Мүсіндеу	Заттардың ұқсастықтарын табу.	Дайын болған бұйымды тұғырға орналастырады.
Жансыру	Фланелегрәфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, дөңгелерді, шарларды, гүлдерді орналастырады.	Геометриялық фигураларды орналастырады.
Құрастыру	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау.	Өз бетінше құрастыруға тырысады.
Музыка	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сығнай) дыбыстарымен таныстыру.	Музыкалық аспаптарды ажыратады (барабан, бубен, сылдырмақ, асатаяқ); бұрын естіген әндерді таниды.
Қоршаған ортамен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Ұй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін	Жануарлардың дене бөліктерін ажыратады және атайды, олардың мінез құлқына, сыртқы түріне назар аударады.

		ажырата білу. Жануарларға камкорлық жасауға тәрбиелеу.	
Наурыз	Дене шынықтыру	Домалату, лактыру. Екі колмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қилыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жотары) лактыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату.	Доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады.
	Сөйлеуді дамыту	Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, бағаларды бөсікпен таныстыру, қуыршақты бөсікке бөлеп, бөсік жырын айтып отырып ойнату арқылы бағаларды камкорлыққа баулу, бағаларға бөсік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдауды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру.	Қазақ халқының құндылықтарына қызығушылық танытады.
	Көркем әдебиет	Бағалардың назарын бөсік жырларына, халық әндеріне, ертегілерге, авторлық шығармаларға аудару.	Бөсік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды.
	Сенсорика	Заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.	Заттардың көлемін, түсін және пішінін білдіретін сөздерді түсінеді.
	Сурет салу	Қатазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толқтыру.	Дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді.
	Мүсіндеу	Кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішінін жотары бөлігін саусақпен басып, терендету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу.	Кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішінін жотары бөлігін саусақпен басып, терендетеді.
	Жансыру	Қазактың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру.	Симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады.
	Құрастыру	Қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау.	Қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады.
	Музыка	Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің	Ересектердің көрсеткен қимылдарын қайталайды

	созылғынқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру.	(шапалақтайды, аяқтарын тарсылдатады, қолдың білектерін айналдырады).
Қоршаған ортамен таныстыру	Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу.	Ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; тұрмыстық қарапайым әрекеттерді орындай отырып, ересектерге еліктейді; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады.
Сәуір	Дене шынықтыру	Заттардың бойымен жүріп секіреді, ересектермен бірге жасай алады.
	Сөйлеуді дамыту	Менерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады.
Қоркем әдебиет	Суреттердің мазмұнын бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту.	Кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді, ойындарда

Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу.	кейіпкерлердің бейнелерін қарапайым түрде біре алады. Заттардың санын ажыратады (біреу-көп).
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қатазды ұмаждамау, қаламды тарсылдаптау, жұмысты ұқыпты жасау.	Қатаздың қасиеттерін біледі.
Мүсіндеу	Жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету.	Жұмыстан кейін материалдарды жинастырады.
Жапсыру	Кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекепеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді тандауға (қарама-қарсы түстер) үйрету.	Түстерімен орналастыра алады.
Құрастыру	Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау.	Табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды.
Музыка	Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдау; жүреlep отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денеңі оңға, солға бұру, басты оңға, солға ио, қолдарды сермеу. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау	Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсетеді (қоян секіреді, құс ұшады).
Қоршаған ортамен таныстыру	Аулата ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға), үй құстарын (тауық, қаз, үйрек) тану.	Дала құстарын және үй құстарын таниды және атайды.
Мамыр	Велосипед тебу: үш деңгейлі велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегіңсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.	Бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындайды; бетін, қолдарын өз бетінше жуады.

Сөйлеуді дамыту	Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталапты ойнату	Ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады.
Көркем әдебиет	Шығын тақпақтарды қайталап айтқызу.	Педагогтің көмегімен шығын тақпақтарды қайталап айтады.
Сенсорика	Заттарды салыстыруға мүмкіндік беру.	Түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.
Сурет салу	Қаламды үш саусақпен, қатты қыстап ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және түйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу.	Қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген.
Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру.	Мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады.
Жансыру	Кейбір бейнелерді орындарына орналастыру.	Кейбір бейнелерді орналастыра алады.
Құрастыру	Қарапайым құрастыру, дағдыларын бекіту, үстіне, жанына қою.	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атайды.
Музыка	Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бүбенмен, сылдырмақпен, марақаспен) орындау дағдысын дамыту. Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.	Музыкалық-ырғақтық қимылдарды: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеуді орындайды.
Коршаған ортамен таныстыру	«Дұрыс», «дұрыс емес», «қауіпті» түсініктерімен, серуенде және сумамен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шаппау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйсіздік таныту және қамқорлық жасау.	Неңін «дұрыс» немесе «дұрыс емес», «жақсы» немесе «жаман» екенін түсінеді; серуенде, сумамен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін біледі; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі.

